

СУДЫҢ ТІЛДІК, КОГНИТИВТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ САНАДАҒЫ СЕМИОТИКАЛЫҚ МӘНІ

Б.М. Сүйеркұл

ф.ғ.д., доцент

Сүлеймен Демирел атындағы университет, Алматы қ., Қазақстан

Су – дүние жаратылысындағы негізгі төрт түпэлементтің (ауа, топырақ, от, су) бірі. Ол ғаламдағы аса ірі төрт макроқұрылыммен байланысады: аспан, жер, күн, су. Осылардың қай-қайсысы да адам баласының өмір сүруі үшін аса маңызды қажеттіліктердің бастауы болып табылады. Бұл түсініктің қазақы танымда нық орныққандығы оның жыраулар поэзиясында айрықша орын алуынан да байқалады. Бұл жөнінде Б.И.Нұрдәулетова “Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі” атты кітабында былай дейді: “Су – дүние жаратылысының басы. Бұл түсінік жыраулар дүниетанымында:

Дүниенің басы әуелі

Меруерт тастан жаралған.

Меруерт тас еріп су болған,

Судан еріп бу болған (Қашаған) –

деген жыр жолдарымен өрнектеледі. Сондықтан су – қасиет көзі, өмірдің төрт негізінің бірі. Сондай-ақ адамзаттан тыс, тылсым әлемнің мекені де – су. Немесе мифопоэтикалық дүние бейнесінде су – космос пен хаосты бөліп жатқан шек, шекара” [1, 266]. Зерттеушінің “судың ақындық образға алынуында оның шексіздік, таусылмайтын көптік сипаты жатыр. Адамзат өзінің бітіміне (формасына), танымына (мазмұнына) сыймайтын құбылысты “қасиетті, құдіретті” санап табынады немесе “тылсым, құпия, жат” деп есептеп үрейленеді, қорқады. Адам әсіресе, шексіздікке бағынады, шексіздікті қадірлейді. Адам үшін су (өзен, бұлақ, дария) шексіздіктің, молшылықтың символы.

Суда сондай-ақ екпін бар. Су – тоқтаусыз ағын, тасқынның, яғни мәңгі қозғалыстың көзі. Қозғалыс, қимыл-әрекет – өмірдің өзегі. Олай болса, ақындық та өлмейтін, өшпейтін, тіршілікпен бірге тоқтаусыз ағындағы құбылыс” деген пікірі ақындық пен өмірдің астастығын, ақынның бар өмірі Алланың ілімін таратумен байланысты болуға тиістілігі жөніндегі оймен ұштасып жатыр. “Екіншіден, ақындық – Құдайға бет бұру. Біз зерттеген жыршылардың түгелінің өмірбаянында олардың діни сауаттылығы ғана емес, дін жолын ұстанған ғұламалықтары да сөз болады. Өнеге шашқан жыршылық, Құдайға ол да құлшылық (Сүгір)” [1, 261]. Бұл айтылғандар қазақы әдебиеттің (жыраулар поэзиясы) өзінен бұрынырақта болып өткен қыпшақы әдеби дәстүрден сусындағанын тағы бір нақтылайды. Себебі, жалпы тарихта өзін ақын деп санаған адамдар сансыз көп болған. Алайда олардың барлығы бірдей шығармашылығын діни болмыспен ұштастыра алмағандықтан, “ақындық ғұмыры қысқа” болған. Мысалы, күні кеше әдебиетімізді жаулап алған “кеңесшілдік” сарында жазылған шығармалардың араға ғасыр салмай-ақ ұмыт болғандығын еске түсіріңіз. Бұл мәселенің түптөркіні діни таныммен байланыста алғанда жақсы ашылады. Ол бойынша, “Ақындар – Алланың жердегі өкілдері”. “Құран Кәрімнің” 26-сүресі (Шұғара) осы ақындарға арналған.

“Қазақ табиғатынан ақын халық”. Егер ақындық халықтың басты ерекшелігі

ретінде көзге түсетін, сырт көз үшін танымал *рухани ені* ретінде қызмет еткені шындық

болса, біздің барлық синкретті өнеріміздің сыры да осы жерден айғақ табуы тиіс [2, 24].

“Поэзияның ғалами ақпарат екенін, оның тек біздің сана құрылымымызға, жүректегі ырғақ діріліне сай түсіп, жанды мәтінге айналатынын түсініп, жан-тәнімізбен игеруге

миымызды бағыттай білуге үйренуіміз керек, сонда ғана біз шын мәніндегі “қайта тірілген казак болар едік”, – дейді Н.Аитова [2, 25].

... ..
Ал діни таным сананың төрінен орын алған орта ғасырларда бұл ақиқатқа ешкім шүбә келтірмеген. ХІҮ ғ. Сыр бойында жазылған тамаша туынды «Мұхаббатнаме» (МН) авторы Хорезми танымында да СУ – дүние жаратылысының басы болумен қатар, адам баласының да алғаш ана жатырында пайда болуына қатысты маңызды түпнегіз. Бұл идея мәтіннің Ару қызға арналған макробөлігінде «*Бір тамшы судан толған айды жаратты*» деген жол арқылы берілген.

«МН» мәтініндегі “Су” семантикалық өрісін құрайтын көптеген қолданыстар Судың метафоралануымен байланысты туындаған. Ол метафораға Судың табиғи стихиясы негіз болады. Оның заттың үш күйіне де өте алатын (қатты – мұз, сұйық – су, газ - бу) табиғи әмбебап физикалық қасиеті “су” атауының семантикалық өрісін барынша ауқымды шеңберге дейін өрістетуге мүмкіндік береді. Мысалы, мәтіндегі – “ұйыған қан”, “қайнаған қан” т.б. - символдық мәнге ие қолданыстар. Сондай-ақ Су - тазалық пен адалдық символы (Газа мөлдір су - айна сияқты):

А 389 Туруптур көзда каддиниз хийали
А 390 Аниң дек кис **су ұзра тал нихали**
А 391 Сениң чахранда, ей фирдавс сарви
А 392 Енин қан бирла йу (ву)р чимған тазарви
А 393 Йүзүң нуры қуйашның нурын өртар
А 394 Сакақың шу’ласи ‘аламни өртар

Қ 389 Тұлғаң сенің көзімде елестеп түр
Қ 390 Суға түскен тал шыбықтың сәулесіндей
Қ 391 Ей, жұмақтың сәрв қарағайы, сенің **алмас жүзіңнен**
Қ 392 Көгалдағы қырғауыл аяғын қанмен жуады
Қ 393 Жүзіңнің нұры күннің де нұрын өртейді
Қ 394 Сағағыңның шұғыласы әлемді өртейді [3].

Қазақта «көңіл көңілден **су ішеді**» деген сөз бар. Мағынасы адамдардың арасындағы сыйластық, ақпарат алмасу т.б. Осындағы «көңіл» «ақыл-ес, сана» ұғымдарымен тікелей байланысты болса, «су» оны қоректендіретін нәр ретінде алынған. Сондай-ақ ырыс, береке көзі саналатын **жауын, жаңбыр** да – судың бір көрінісі. Хорезми осы жаңбырдың белгілі бір мөлшері адамзат үшін пайдалы болса, сол мөлшерден асып, шектен тыс көп жаууы оған зиянын тигізетінін, ал бұл Жаратушының құдіретін білдіретін ғаламат уақиға екенін мына жол арқылы еске салады:

Қайу йирга буйурса, су урурлар (Қай жерге бұйырса, сонда жауын жауады):

А 17 Йир ұзра қудрати дарйа йаратты
А 18 Садафтин лү’лү-ү лала йаратты
А 19 Ары гүлни арының ашы қылды
А 20 Саба йилин чаман фаррашы қылды
А 21 Булутлар йилтек көкраб йүрүрлар
А 22 **Қайу йирга буйурса, су урурлар**

Қ 17 Жер бетінде құдіретімен дария жаратты
Қ 18 Қауапақта жарқыратып лала (інжу) гүлін жаратты
Қ 19 Таза гүлді араның асы қылды

- Қ 20 Таң самалын көгалға қызметші қылды
 Қ 21 Бұлттар пілдей күркіреп жүреді
 Қ 22 **Қай жерге бұйырса, сонда (су ұрар) жауын жауады** [3].

Бұл үзіндінің соңғы жолында діни танымдағы барлық жақсылық пен жамандықтың түгелдей Жаратушының қалауымен болатыны, ешбір әрекет немесе оқиғаның себепсіз болмайтыны нақты айтылған. Осы түпкі ой қазіргі қазақ тілінің фразеологиялық қорындағы «Жазым болса, быламыққа тіс сынар», «Қалауын тапса, қар жанар», «Жүгірген жетпес, бұйырған кетпес» т.б. көптеген тіркестанбалар мен сөйлемтаңбалар арқылы қатталған.

Осы арада адамзат тарихында орын алған аса ірі апаттардың бірі – Су апатын еске түсірейік. Тілдік санамызда «Топан су» деген атпен таңбаланған бұл ғаламат уақиға жер бетіндегі халықтардың баршасына ортақ діни-мифологиялық түсінік болып табылады. Онымен байланысты «Нұх» пайғамбардың кемесі («Ковчег Ноя»), Қазығұрт тауы, Арарат тауы т.б. мифологемалар, сондай-ақ адам баласынан бастап, жануарлар мен жәндіктерге дейінгі күллі тіршілік иелерінің бойындағы, мінез-құлқындағы түрлі ерекшеліктерді сипаттап көрсететін сан алуан аңыздар мен әпсаналар бар. Олар арнайы зерттеу нысаны болуға лайық, ал біздің айтпағымыз, адам баласының өмірі де сол судың «бір тамшысынан» басталатындығы:

Бір тамшы су // бир қатра су

- А 7 **Йети қат** зар-нигар айвани вала
 А 8 Йаратты алты күнда хак-та'ала
 А 9 Хава ұзра берүр шунқарға куны
 А 10 **Толун айдек қылур бир қатра суны**
 Қ 7 Жеті қабат алтындалған зәулім сарайды (ғаламды)
 Қ 8 Жаратты алты күнде Хақ тағала
 Қ 9 Көкте қуды сұңқардың жемі егеді
 Қ 10 **Толған айдай қылар бір тамшы суды ...**

- А 91 Ешиттің ерса Йүсүфнің жамалин
 А 92 Сени хүсн ичра сад чандан йаратты
 А 93 Карим таңри камалин қылса изхар

А 94 Сен айны бүйла би нуқсан йаратты

- А 95 Зехи Қадыр ким ол **бир қатра суны**
 А 96 Мұхаббат гавхаринга кан йаратты
 А 97 Азалда қылды Хоразмини мухтаж
 А 98 Тағы манзурыны султан йаратты
 Қ 91 Есігіп пе едің Жүсіптің сұлулығын
 Қ 92 Сенің сұлулығыңды (одан) жүз есе артық жаратты
 Қ 93 Ұлық тәңірі кемеліне келген әдемілікті жария қылды
 Қ 94 Сен айды осылайша нұқсансыз етіп жаратты
 Қ 95 Қандай ғажап! Қадір (Алла) **бір тамшы суды**
 Қ 96 Махаббат гауһарына кен (етіп) жаратты
 Қ 97 Әзелден Хорезмиді мұқтаж қылып
 Қ 98 Есесіне сүйіктісін сұлтан жаратты [3].

Қазақы танымда «Шілде (шілтен) суы», «Неке суы», «Зәмзәм суы», «Мейрам суы», «Әбілхаят/Абылхаят суы» деген түсініктер бар.

Шілде (шілтен) суы – қалжаға сойылған қой егінің қайнағанда шыққан қан көбігін сүзіп алып, баланы шомылдыратын су. Сонда баланың денесі тез пісіп, ширақ болады. Себебі, алғашқы көбікте қан да, май да бар. Осы суды *шілде суы* дейді [4, 613].

Жаңа туылған шақалақты «Ғайып ерен қырық шілтен» қырық күн бойы күзетеді деген түсінік исламға дейінгі мәдениетімізді танытады. Қазіргі кезде де баланың туылғанына қырық күн толғанда “қырқынан шығару” дәстүрі бар екені аян. Осы сәбиді қырқынан шығарғанда шомылдыратын қырық қасық су «шілде суы» деп аталады. Осы кезеңмен байланысты «Шілдесінде шырақ көрмеген» деген мәтелдің де мағынасы өте ауыр. Ол “кішкентайынан түкке жарымаған, түк көрмеген” дегенді білдіреді.

Қазақ тілінің сөздігінде “шілтенге” мынадай анықтама берілген: **Шілтен:** ғайып ирен қырық шілтен (дін) – періште, адамды жебеп, колдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне [4, 614].

Неке суы – ер мен әйелдің некесі қиылғанда берілетін қасиетті су. Оның “тазалық” және “жарына адалдық” сияқты мәндері бар. Ал “неке суын ішу” – ерлі-зайыптылардың бір-біріне берген серті. Ол тіліміздегі “ант-су ішті” деген тіркес мағынасымен астарлас түсінілетін мән.

Мейрам суы – «атау кере» сияқты, адам бұл дүниеден өтерде ішетін соңғы сусын, ол көз жұмарда аузына тамызылатын су. Оны адамның осы өмірде сыйлас болған, жақын адамдарының бірі, көршісі немесе туысы береді.

Зәмзәм суы – Меккеден әкелінген емдік қасиеті бар су. Діни наным бойынша адамның ауырған-сыздаған жерін бірден басып, жанына жағымды әсер ететін шипасы бар.

Әбілхаят/Абылхаят суы – бұл дүниеде мәңгі жасауға мүмкіндік беретін қасиетті су-мыс. Аңыз бойынша «оны іздеп мұхит суын сапырған шайтандарға запыран ұсынылған...».

«Қазақ тілінің сөздігінде» **«Абылхаят діни.** Өмір суы, өмір бұлағы. Айтқан сөздің шербеті – Абылхаят суындай (І.Жансүгіров)» делінген [5, 12]

Тілдік санамызда осындай фразеоматикалық бірліктер түрінде таңбаланған “Су” «Мұхаббатнамеде» де ерекше орын алады. Мысалы, қыпшақ ескерткішінде «Хызыр суын шашу» деген тіркес бар: Хызыр **суйын** сачалиң жан йүзига (*Сұлулығын мәңгі ету үшін Хызыр суын шашалық жанананың жүзіне*). Бұл тіркес өзге дереккөздерде кездеспейді, яғни Хорезмидің төл қолданысы. Алайда мағынасының «Әбілхаят суының» семантикасымен сабақтастығы Хорезмидің исламға дейінгі мәдениеттен де хабардар екенін көрсетеді.

Байырғы қазақ танымында Қызырдың айрықша орын алғаны белгілі, бұл тілдік қорымызда кездесетін бірқатар фразеологиялық бірліктерден де байқалады. Бұған қатысты этнолингвистикалық зерттеулерде көптеген деректер бар, мысалы: **Қызыр қамшысы.** Сәуір айының орта кезінен аса бере алғаш **найзағай ойнайды, жаңбыр жауады, әсер бусанады,** оңтүстікте жаздың жайлы күндері басталады. Осы сәттегі найзағайдың жарқылын халық: **Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті** деп есептейді» [6]. Мұнда да Хорезми пайымындағы «береке көзі» саналатын жаңбырдың тек Жаратушының бұйрығымен жауатындығы меңзеледі: **«Қайу йирга буйурса, су урурлар** (Қай жерге бұйырса, сонда жауын жауады).

Суй /1/ су. Хызыр **суйын** сачалиң жан йүзига (*Сұлулығын мәңгі ету үшін Хызыр суын шашалық жанананың жүзіне*) ...

А 535 Кел, ей сақы, кетүр паймана бизга

А 536 Инайатлар қылур жанана бизга

А 537 Ичалиң бадани жанан йүзига

А 538 **Хызыр суйын сачалиң жан йүзига**

А 539 Сабурдин йахшы йоқтур пиша қылсам

А 540 Бу йолда сабр йок андиша қылсам

Қ 535 Кел бері, ей, шарапшы, әкел тостак

Қ 536 Жанананың (жаннан артық жанымның) мейірімі түсер бізге


Қ 537 Ишелік шарапты жанананың жүзі үшін

Қ 538 Сұлулығын мәңгі ету үшін **Хызыр суын шашалық жанананың жүзіне**

Қ 539 Ойлап тұрсам сабырдан жақсысы жоқ

Қ 540 Енді білдім, бұл жолда сабыр да жоқ [3].

Осылайша, «Су» Хорезми шығармасындағы кілт мәнге ие күрделі семиотикалық таңба ретінде танылады. Оған негіз болған бастапқы ұғымдардың мәні қыпшақы дүниетанымының үлкен бір бөлігін құрайтын діни-мифологиялық білімдер арқылы ашылады. Автордың араб, парсы, түркі мәдениеттерінен қатар сусындаған білімді де білікті тұлға болуы оның жоғарыда келтірілгендей көркем қолданыстар түзуіне негіз болған. Мәтіндегі суға қатысты бүкіл мәденисемиотикалық ақпаратты төмендегіше (1-сурет) бейнелеуге болады.



1-сурет. Тілдік санадағы «Су»-дың когнитивтік-семантикалық өрісі және Хорезми танымындағы тілдік репрезентациясы

Суреттегі *су, сүт, бал, шарап* деген микроөрістер – Судың о дүниенің тілдік бейнесіндегі орнын көрсететін бөліктер. Мұны ислам ғұламаларының бірі Баязид Бистамидің өзге дін өкілінің сұрағына берген мына жауабынан білуге болады: Поп: «Жәннатта төрт өзен бар. Біреуі балдан, біреуі сүттен, біреуі судан, біреуі де шараптан (жәннат шарабы). Бөлек-бөлек болған бұл өзендер бір қайнардан шығады», - дейді. Осы дүниеде мұның бір мысалы бар ма?», - деген кезінде, Баязид: «Әлбетте бар. Адамның басынан төрт бұлақ шығады. Құлақ суы – ащы. Көз суы – тұзды. Мұрын суы – басқа бір дәм. Ауыз суы – тәтті», - деп жауап береді... Демек, мұнда да су – адам жанына рахат күй сыйлайтын заттек ретінде алынып отыр. Кеңірек мағынасында алсақ, «Су – жұмақтың символы» болып отыр. Салыстыру үшін *Оттың* бұл дүниедегі «тілсіз жау», «жойқын күш» (өрт) екенін, ал о дүниеде «адам жанын азаптауы», «күнәлары үшін жазалайтын» орын екенін (*дозақ оты*) еске түсіруге болады, яғни «ОТ – дозақтың символы».

Су стихиясының бір көрінісі – *қан*. Адамның тірі жан ретіндегі негізгі белгісі – оның бойында қанның айналып жүруі, ағзасында ағып жатуы. Ал адам баласының ана жатырында пайда болуын сипаттайтын күрделі процестің өзі осы бір тамшы қаннан басталатыны мәлім.

Қан – адамзат танымында бірнеше символдық мәнге ие айрықша маркер. Оның қазіргі тіл ұстанушы санасындағы орны мен түрлену формалары сан алуан болуы тарихи таным саласымен байланысты жақсы ашылады.

Қан – тіліміздің лексика-фразеологиялық жүйесінде де едәуір орын алады.

Қылыштан аққан қан – бір жағынан өлімнің белгісі болса, екінші жағынан ел басқарған ханның батырлығын, жаужүректігін көрсететін нышан. Хорезми шығармасында бұл ой қыпшақ ханы Мұхаммед Қожа бектің («Мұхаббатнаменің» Билеушіге арналған макробөлігі) атына айтылған мадақта:

Қан /9/ *қан*. Қылыштыңдин 'адулар **қан** ичинда (Қылышыңнан аққан қан ішінде) 124 А 124 Черикта *қан тамар қамчың учиндин*

Қ 124 Ұрыста *қан тамады қамшыңның ұшынан,*

А 164 *Қылыштыңдин 'адулар қан ичинда*

Қ 164 *Қылышыңнан аққан қан ішінде;*

А 392 *Еңин қан бирла йу (ву)р чимған тазарви*

Қ 392 *Көгалдағы қырғауыл аяғын қанмен жсуады;*

сондай-ақ Аруга арналған бөлігінде көрініс тапқан:

А 406 *Висалиң арзусыңдин көп ақар қан*

Қ 406 *Көруге ынтық болып бір өзінді,*

А 461 *Сениң 'ишқыңда бағрымдин ақар қан*

Қ 461 *Саған ғашық болғаннан бауырымнан қан ағады,*

А 513 *Меңа 'ишқың йолында қан көрүнүр*

Қ 513 *Саған ғашықтық жолында қаным төгіледі*

А 217 *Көңүлшиң қаны қайнаб барча ташқай*

Қ 217 *Көңілдің қаны қайнап баршасы тасты,*

А 504 *Мубах ерүр көңүллар қаны сизга*

Қ 504 *Жүректің қанын төгу сізге лайық,*

А 561 *Бағышласаң қаным султансын ахыр*

Қ 561 *Кешсең қанымды сұлулықтың сұлтанысың ғой ақыры...*

Су – шарап Судың – келесі көрсеткіші – шарап (май, бәдә, рахн). МН-дегі «шарап» тілдік таңба ретінде екі түрлі мәнде жұмсалған. Бірі – туынды мәтінінің ірі үш бөлігінің арасын жалғап отыратын дәнекер байланыстырушы қызметінен туындайды, яғни әр бөлік мазмұн жағынан түйінделер тұста Ақын:

Кел, ей, сақы, әкел, құй бәдәні (рахны, майды)... дейді де, келесі өріске өтеді. Бұл - автордың адресат факторын ескеруімен байланысты қолданған көркемдік-құрылымдық тәсілі, басқаша айтқанда, негізгі тақырыптан бір сәтке ауытқып, тыңдаушы көңілін бір серпілтіп алу үшін қолданылатын тәсілі (лирикалық шегініс).

А 77 *Бираз кечти дағы мажлис ысынды*

А 78 *Қадах чавүрүлди-о май башқа минди*

А 79 *Йана фурсат била болдум махални*

А 80 *Оқудум хидмагинда бу ғазални*

Қ 77 *Біраз (уақыт) өтіп, мәжіліс тағы да қызды*

Қ 78 *Гостактар қайта-қайта босап, шарап басқа шықты*

Қ 79 *Және бір ыңғайлы сәтін тауып*

Қ 80 *Оқыдым қызмет қылып бұл ғазалды*

Ал когнитивтік семантикасы – сопылық дәстүрдегі «Аллаға зікір салумен» байланысты түсініледі. Діни әдебиетте “рухани шарап” деген тіркес түрінде жұмсалады.

Сонымен бір ғана лексеманың (су) тілдік, когнитивтік және көркем санадағы репрезенттелуін көрсететін семантикалық өрісті тарихи көркем туынды материалы негізінде модельдеу тәжірибесіне сүйене отырып, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

Кез келген тақырыптық тұрғыдан шоғырландырылған сөздер тобының негізінде ол

сөздерді өзара байланыстырушы концептуалды құрылым жатады. Тіл ұстанушының концепт жөніндегі білімдері оның жадында **тілдік таңбалар өрістері** түрінде ұйымдасады. Сол білімдерді жаңғыртушы және соған сәйкес репрезенттеуші өрістерді айқындау құралы ретінде фреймдер танылады.

Когнитивтік аспектіде алынған идеографиялық өрістің негізі, оның психолингвистикалық моделі оның құрамдас бөліктерінің ассоциативтік, парадигматикалық.

синтагматикалық және эпидигматикалық қатынастарының, сондай-ақ олардың ситуативтік қолданысы ерекшеліктерінің ықпалымен көпқырлы және көпөлшемді болып шығады.

Санамаланған сипаттамаларына сай фрейм мәселелері өрістегі лексикалық бірліктердің сатылы, ретті байланысы әдісімен көрінеді. Өрістегі лексика арқылы көрініс тапқан аялық білімдер көлемі танымның жалпыадамзаттық және ұлттық ерекшеліктік тетіктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрдәулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі. – Астана: Нұра–Астана, 2008. – 432 б.
2. Аитова Н. Сана және поэтикалық сана мәселесі // Әдеби тіл және қазақ тілінің өміршеңдігі. Академик Р.Сыздықтың 85 жылдығына орай өткізілген ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Кіе елтанымдық-инновациялық орталығы, 2009. – Б. 24-27.
3. Сағындықұлы Б., Тәшімбай С. «Мұхаббатнаме» (XIV ғ.) ескерткішінің мәтіні: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 228 б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15 том. – Алматы, 2011.
5. Қазақ тілінің сөздігі. Ред. Т.Жанұзақ. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
6. Әбутәліп О. М. Қазақ күнтізбе жүйесінің лексика-фразеологиялық бірліктері: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2008. – 34 б.

Summary

The article studies cognitive, connotative and semiotic meaning of the word 'water'.